

«Бөрітастаған» топонимінің этномәдени негізі

Аңдатпа. Мақалада ономастиканың бір тармағы саналатын топонимика туралы тұжырымдар негізге алына отырып, мекен атауы тіл білімі, фольклортану аспектісінде қарастырылады. Топонимнің тек лингвистикаға ғана емес, фольклортану, әдебиеттану ғылымдарында да қолданылатыны ескеріліп, осы бағыттағы тұжырымдар жүйеленеді. Белгілі бір нысанның болмысын танытып, мәнін ашатын топонимдердің фольклор туындылары құрылымында көрінуі мысалдар арқылы талданады. Топонимикалық аңыздар мен тарихи-мекендік эпсаналар арасындағы ұқсастық – екеуінде де мекен атауларына қатысты мотивтер тән екендігі айтылады. Басты талдау «Бөрітастаған» атауы төңірегінде өрбін, бұл атаудың тілдік, танымдық сипаттарын, ұлттық мәдени негізін ғылыми пікір-тұжырымдарға сүйене отырып, таныту мақсат етіледі. Аңыз, эпсана мотивтері салыстырылып, көне гүң дәуіріндегі дүниетаным белгілі ғалымдардың пікірлері арқылы зерделенеді. Ұлттық мәдени танымдағы «бөрі», «көк» ұғымдарының байланысына қатысты тұжырымдар да талдау барысында жан-жақты қамтылады. Түркі дәуіріндегі бөрі тотемінің маңызы ескеріле отырып, «Бөрітастаған» аңызы топонимикалық фольклордың бірегей үлгісі деген қорытынды жасалады.

Түйін сөздер: топонимика, лингвистика, фольклортану, аңыз, эпсана, бөрі, тотем, мәдени таным.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2020-133-4-24-31>

Түсті: 01.11.20 / Қайта түзетілді: 27.11.20 / Жарияланымға рұқсат етілді: 04.12.20

Кіріспе. Қазақ даласындағы жер-су атаулары туралы айтқанда, ең әуелі, сол атауға нысан болған зат және негіз болған сөз, атаудың берілуін баяндайтын аңыз-эпсаналар туралы ақпаратты білген жөн.

Тақырып бағытын айқындай түсу мақсатында жер-су атаулары жүйесіндегі сөз, одан туындаған атаулар, осы мекен атаулары туралы ғылым саласының негізгі зерттеу нысандары туралы айту қажет.

Тіл білімінде осы уақытқа дейін зат пен сөз, нысан мен атау мәселесі бірсыпыра зерттеулерге арқау болып, салмақты лингвистикалық тұжырымдар жасалғаны мәлім. Ежелгі дүние ойшылы Геракліттің пікіріне сүйенсек, әр атаудың астарында өзі бейнелейтін заттың табиғаты жатады, яғни заттың мәнін ашатын

оған берілген атаулар болмақ [1, 49 б.]. Сөздің атау ретіндегі қызметі көне мифологиялық дәуірден бастау алады. Сөздің зат пен құбылыстың, оларға тән қасиеттің аталуы екенін ескерсек, ең басты қызметі – атау болу, яғни номинативті қызметі [2, 345 б.]. Сөздің осы қызметі табиғаттағы түрлі нысан атауларының туындауына негіз болды.

«Зат – ұғым – сөз» ретіндегі орын тәртібін сақтау, мәселен, топонимикада «географиялық нысан – ерекше бір белгі – атау» түрінде көрініс беретінін» [3, 7 б.] тілші ғалым Б. Биаров атап көрсетеді. Тіл білімінің атауларға қатысты саласы болып табылатын ономастиканың бір тармағы – топонимика. Ежелгі грек тілінде «мекен атауы» деген ұғымды беретін топоним географиялық аспектіде белгілі

бір нысанға берілген жай атау ғана емес, сол нысанның болмысын танытып, мағыналық тұрғыда ақпарат беретін ұғымдық атау. Осы географиялық атаулардың, яғни топонимдердің тарихын, шығу тегін, жазылуы мен айтылуын, мағынасын зерттейтін ғылым саласы топонимика деп аталатынын білеміз. Топонимика ғылымының зерттеу нысанына кіретін *топонимия* лингвистикалық аспектіде тілдің лексикалық қабаты ретінде зерттеледі.

Топонимика термині фольклортану ғылымында да жат емес. Көрнекті фольклортанушы, академик С. Қасқабасов қазақ халық прозасын классификациялай келе, аңыздық прозаның жанрлық түрлеріне арнайы тоқталады. Аңыз жанрын «тарихи, топонимикалық» деп екіге бөліп, топонимикалық аңызға мынадай анықтама береді: «...топонимикалық аңыз деп жер-судың, тау-тастың пайда болуы мен атын мифтік ұғыммен немесе мифтік кейіпкердің іс-әрекетімен емес, бір оқиғамен я болмаса бір қайраткер атымен байланысты түсіндіретін әңгімені айтамыз» [4, 129 б.]. Аңыздық прозаның тағы бір түрі – әпсананың бір саласын тарихи-мекендік деп көрсетеді [4, 151 б.]. Осы тарихи-мекендік әпсаналарды топонимикалық әпсаналар деп атауға негіз бар деп білеміз. Ал топонимикалық аңыз туралы анықтамадағы «мифтік ұғыммен және мифтік кейіпкердің іс-әрекетімен емес» деген дәйектемеге назар аудара отырып, дәл осы көрсетілген сипатымен ерекшеленетін фольклорлық әңгімелерді аңыз тобына кіргізбегенімізбен, «топонимикалық миф» немесе «топонимикалық әпсана» деп атауымызға болады.

Фольклор мен топонимика арасындағы байланыс туралы біраз зерттеу еңбектерде айтылып келеді. Фольклор үлгілерінде топонимдік атаулар молынан ұшырасады. Ғалым А. Пангереевтің пікіріне сүйенсек, «фольклор үлгілерінің бойынан табылып, өзі де халықтың шығармашылық өнімі түрінде поэтикалық сипатқа, танымдық мәнге ие жер-су атаулары топонимдік фольклор жанрының туып, қалыптасуына негіз болды» [5, 5 б.].

Сонымен, топонимика атауының аясында тіл білімі, фольклортану аспектілерінде жекелеген мекен атауына қатысты талдау жасамақпыз.

Зерттеу әдістері. Нысанға алынған тақырыпты зерттеуде талдау, жинақтау, салыстыру әдістері ұстанымдарына сүйене отырып, тиісті ғылыми қорытындыға қол жеткізу көзделеді.

Мәселенің зерттелуі. Топонимикалық фольклордың ішінде көнелік сипатымен ерекшеленетін «Бөрітастаған» туралы әпсана. Шығыс Қазақстан облысының Тарбағатай (Ақсуат) ауданы аумағындағы бұл оқшау жартастың тылсым тарихы ежелгі дәуірлерден бастау алады. Сөзімізді сол көне дәуірден ел жадында сақталып келе жатқан әпсанадан бастайық:

... Ол дәуірдің адамдары өте алып еді делінеді. Шамасы, қой бағып жүрген кемпір де сондай алып та, оның ұршығы өзіне сай болса керек. Қойға шапқан қасқырға лақтырған ұршық жартасқа айналып кетеді.

Енді бір әпсанада бұл Тәңірі жіберген тас ретінде баяндалады. Ғылыми тұрғыдан «аспаннан түскен пегматиттік жартас» екені дәлелденген. Ғалым Тоқтар Нүркенов «Жас алаш» газетінің «Мыңнан бір мезет» қосымшасының бетінде жарияланған мақаласында бұл дәлелді мысалдармен нақтылай көрсетіп, жартас «метеорит және ол әуеде ұзақ ұшқан» дейді [6, 5 б.].

Лингвистикалық тұрғыда зерделенгенде, іс-қимыл, әрекетті білдіретін күрделі сөзден құрылған, мифологиялық, киелі мазмұны бар Бөрітастаған кейде «Бөрітостаған» деп те айтылады.

Осы бір тылсым сырлы киелі жартас арнайы талай болжам, пікірталастарға арқау болды. Кейбір зерттеушілер бұл оқшау жартасты метеорит емес, жер жынысы деген пікірде. Жергілікті тұрғындар кие тұтып, құрметпен қарайтын жартас сыры тым-тым көне дәуірлерге барып тіреледі. Оның екінші бір атауы «Бөрітостаған» нұсқасы емес, «Бөрітастаған» екенін нақтылап, бұл атаудың сырына үңіліп көрейік.

Түркітанушы Л.Н. Гумилев көне түркілердің негізгі мекені Алтай тауы болғанын атап айта келіп, олардың көк Тәңіріне табынғанына дәлелді Орхон жазба ескерткіштерінен келтіреді [7, 17 б.]. Халықтық таным негіздерін

XIX ғасырда Ш. Уәлиханов «Тәңірі (Құдай)», «Қазақтардағы шамандықтың қалдығы» атты мақалаларында баяндаған. Ғалым халқымыздың ескіліктің танымы туралы былай деп жазады: «Аспан – бұл шамандықтағы ең жоғарғы құдырет. Көк Тәңірі – көк аспан. ...Аспан өз іс-әрекетінде ерікті болды, ол әрі мадақтайды, әрі жазалай алады...» [8, 62 б.].

Л.Н. Гумилев ежелгі дәуірде ғұндардың жеңіліске ұшырап, Тарбағатай жері арқылы босып өткен, бір бөлігінің Алтай тауына қоныстанғанын айта отырып, қызғылықты аңызды келтіреді. Бұл аңызда түркілердің түп-тегі, киесі – Көк бөрі деген мотив маңызды орын алады. Ғалым бұл мотивті тотемдік сеніммен байланыстырады [7, 23-24 бб.]. Яғни, бөрі – түркі халықтарының «тотемдік бабасы», тегі. Бұл аңызға Ө. Марғұлан да өз зерттеуінде ерекше назар аударады. Ғалым келтірген аңыз фабуласында ғұндар ауыр жеңіліске ұшырағанда жалғыз ер бала тірі қалады. Ол баланы ұрғашы қасқыр асырап, екеуінен ұрпақ өрбиді. «Соның бірі ғұн ұрпағы Ашына қытай эроглифімен жазылған, қазақша айтқанда Шене – бөрі» [9, 8 б.].

Бөріге қатысты аңыздың бір нұсқасының фабуласы мынадай: «Ерте күндердің бірінде ғұндарды тұтқиылдан шапқан жау түгел өлтіреді. Тек әлдекім шөп арасына жасырған бір сәби ғана аман қалады. Бұл сәбиді ұрғашы қасқыр паналатады. Күндердің күнінде біреулер елсіз далада қасқырды емген баланы көреді. Төбесінде бір құс айналып ұшып жүр екен. Баланың тегін емес екенін білген олар ғұн көсеміне алып келеді. Бала өскенде ерекше батыр болады, оған Көк бөрі – Ашина деген есім беріледі».

Айдалада жалғыз тірі қалған баланы ұрғашы қасқырдың асырауы туралы аңыз Рим қаласының іргесін қалаған әйгілі егіздер Ромул мен Ремді есімізге түсіреді. Рим мифтік әңгімелері бойынша, миф кейіпкері Энейдің ұрпақтары Нумитор мен Амулий арасындағы билік таласы үлкен ұл, билікке ие болуы тиіс Нумитордың биліктен ығыстырылуына әкеледі. Амулий ағасының ер баларының көзін жойып, қызы Рея Сильвияны ғана тірі қалдырады. Күндердің күнінде Рея егіз ұлдарды дү-

ниеге әкеледі. Олардың әкесі – соғыс құдайы делінетін Марс еді. Амулий екі баланы Тибр өзеніне лақтырып, Реяны қараңғы қапасақтастайды. Алайда, екі баланы Марстың киелі аңы болып саналатын ұрғашы бөрі аман алып қалады. Есейген соң Ромул мен Рем әулетіне оралып, анасын құтқарады, аталарының кегін қайтарады, Нумиторды таққа отырғызады, Рим қаласының бой көтеруіне себепші болады [10, 206-207 бб.]. Ромул мен Ремді ұрғашы қасқырдың асырағаны туралы аңыз негізінде Капитолийде даңқты мүсін қойылған. Бір ескеретін жайт – дәл осыған ұқсас кескіннің Алтай тауларындағы бір жартаста бедерленгені. Бұл ұқсастық алдағы уақытта тереңдей зерттеуді қажет ететін қызықты тақырып.

Бөрі, көк бөрі, ашина туралы айтылған ғылыми пікірлерге оралсақ, С.Г. Кляшторный «хотан-сақ (брахми жазуларында) тілдеріндегі ассейна (ашшена) да, тохтар тіліндегі ашна да – көк ұғымын білдіреді» [11, 248 б.] десе, грузин ғалымы И. Шерваמידзе «Ашина» парсының «asina» деген сөзінен шыққан, «көк аспан» деген ұғымға сәйкес келеді. Сонда «Ашина түркітері» дегеніміз – аспан түріктері» деген пікір айтады [12, 79-81 б.]. Бұл пікірлерге назар аударсақ, *ашина – ашина* аспан, көк ұғымын беретін сөз болып шығады. Сонда көк бөрі мотивінің астарында аспанды құдырет тұтқан бабалар танымының тылсым сыры жатыр деп болжауға болады. Мифтанушы С. Қоңдыбайдың: «Қасқыр – аспан аңы. Қасқыр тотемі осы аспандық образға байланысты. Олардың барлығында да қасқыр «аспандық», яғни көк бөрі, бұл көк түс емес, көк – аспандық деген сөз» [13, 261 б.] деген пікірінің Кляшторный мен Шерваמידзе тұжырымдарымен үндесетін тұстары бар. Қазақтың «Иттің иесі болса, бөрінің тәңірісі бар» деген нақылын еске алсақ, бөріні түз тағысы, оның иесі аспандағы көк тәңірі, яғни бөрі көкке тән аң деген бағзы сенім ізін аңғарамыз.

Көк Тәңірі – Көк аспан барлық жақсылығы мен шапағатын, жамандықты да көк биігінен іске асырып отырады. Ендеше, сонау көне дәуірдің бір күні аспан әлемінен жер бетіне ағып түсіп, жартасқа айналған тас, сол дәуір адамдарының пайымы мен түсінігі тұрғысынан

алып қарағанда Тәңірінің жіберген заты, оның жерге тастаған нәрсесі. Тура осы пайым оған атау болып танылған. Яғни, «Бөрітастаған» атауын мағыналас екінші сөзбен «Тәңіртастаған» деп түсінуге болады.

Нәтижелер. Біздің «бөрі» атауының сырын лингвистикалық, фольклортанулық бағыттарда зерделеуге талпынысымыз «Бөрітастаған» топонимінің мәдени-танымдық табиғатын тану мақсатынан туындап отырғандықтан екі сөздің бірігуінен туындаған бұл атаудың мәнін бағзы сенімдерден іздейміз. Бөрі тотемі ежелгі дәуірдің әдеби ескерткіші болып саналатын «Оғыз-наме» эпосынан барынша айқын көрінеді. Онда Оғыз қағанның шатырына таңда бір көкшіл нұр түскені, сол нұрдан көк жалды бөрінің көтерілгені, ол бөрінің Оғызды жорыққа бастағаны баян етіледі:

Шатырға жарық түсті
Сол жарық сәуледен арлан қасқыр шыға
келді де
Оғыз – қағанға тіл қатты:
«О, Оғыз! Сен Үрімге аттанып барасың,
О, Оғыз! Мен сені бастап жүрейін», – деді.

Бұл жерде бөрінің көкшіл нұр ішінен (аспаннан түскен) шыққаны оны көк Тәңірінің бәлкім өзі, бәлкім Оғыз қағанды қолдауының ишарасы деп пайымдауға әкеледі. Тайпалардың басын біріктіріп, іргелі мемлекетке айналдырған Оғыз қағанның жол бастаушысы көк бөрі болса, оны «көктен жіберіп» отырған Көк Тәңірі, күллі жаратылыстың құдыретті иесі деген сенім көркем де бейнелі түрде осылайша өрнектеледі. Көктен түскен нұрдың түсі көкшіл, сол көкшіл нұр ішінен шығатын көк бөрі – көкке, яғни аспанға ерекше құрметпен қарайтын көне түркілердің танымынан туындаған киелі бейне.

Оғыз-қыпшақ дәуірінің әдеби ескерткіші – «Қорқыт ата кітабында» да бөрі тотемінің ізі бар. Баяндүр ханның қызы, Салор Қазанның жары – Бөрілі сұлу деп аталады.

Көк бөрі бейнесінің көркем әдебиеттегі тағы бір жарқын үлгісі – Жетісу ақындық мектебінің ірі өкілі, айтыс ақыны Сүйінбай Аронұлының:

Бөрілі байрақ астында
Бөгеліп көрген жан емен,

Бөрідей жортып кеткенде
Бөлініп қалған жан емен.

Бөрі басы – ұраным,
Бөрілі менің байрағым.
Бөрілі байрақ көтерсем
Қозып кетер қайдағым, –

деп келетін жыр жолдары.

А. Пангеререв «Қазақ халқы өздерінің арғы тегін түркілер деп есептеп, соған сәйкес түп-тамырын көкбөріге әкеліп тірейтіні анық. Көкбөрі – барлық түркі тектес халықтардың тотеміне толық айналып болған бейне» екенін нақтылай айтып, ежелгі тайпалар аңыздарындағы бөрі мотивтерін талдап көрсетеді [5, 112 б.].

Бөрі тотеміне қатысты ескілікті сенім мен сөз өнері үлгілеріндегі сюжеттер, мотивтер бұл аңды жауынгерліктің, қайсарлықтың, қамқорлықтың үлгісі ретінде құрмет тұтқан ата-бабаларымыздың мәдени танымынан хабар береді. Бөрі атауының сан сипатты, көп мәнді табиғатының астарында осы бір киелі аңның тылсым болмысы жатқандығын аңғаруымызға болады. Бөрі аты кірістірілген нысандардың барлығы да сол көне дәуірден бастау алғандығы анық. Ал, сөз өнері үлгілеріндегі көрініс беруін көне танымның көркем кеңістікте жаңғыруы дер едік.

Сонымен, Бөрітастаған жартасына қатысты әпсана нұсқаларына қайта тоқталайық:

а) Ешкі бағып жүрген алып кемпірдің лақтырған ұршығынан пайда болған;

Отыншы Әлжанұлы келтіргена аңыз мазмұны: «Бұрынғы заманда бір үлкен алып ұрғашы Тарбағатай тауында ешкі бағып жүріпті. Бұл ұрғашының зорлығы сонша екен. Қашан Тарбағатайда отырғанда мұның аяғы Кіші Тарбағатайда жатады екен. Күндерде бір күн бұл алып ұрғашы ешкілерін бағып, жіп иіріп отырғанда мұның ешкілеріне қасқыр шауыпты. Бұл ұршығын қасқырға лақтырғанда ұршығы барып сары даланың ортасына түсіп, сол арада тау болып қалыпты...» [14, 577 б.]

ә) Бөрітастаған Толағай алыптың Қалбатаудан көтеріп әкелген жартасы;

б) Бөрітастаған – Көк Тәңірінің яки түркілерге ортақ тотем – көк бөрінің адамдарға жасаған сыйы.

Түркі дүниесіне ортақ фольклорлық мұраларда алып пішінді кейіпкерлер туралы мотивтер көптеп ұшырасады. Мифтік танымның ертегі мазмұнына айналуында мұндай кейіпкерлер ерекше күшке ие болып сипатталады. Сарыдалада ешкі баққан алып кемпір де сол кейіпкерлердің бірі. Кемпірдің ұршық лақтыруы мотиві әйел үстемдігі (матриархат) дәуіріне тән деуге болады. Алып кемпір бейнесінің «Кемпірқосақ» атауымен де байланысы бар екенін ескеруіміз керек сияқты. Әпсанада кейде алып кемпір «мыстан кемпір» түрінде де айтылады. Әйел үстемдігі дәуірінің әміршісі болған Жалмауыз кемпір ата үстемдігі кезінде «тағынан тайып» жағымсыз кейіпкерге айналады. Әміршілік билігінен ештеме қалмай, енді «мыстан» образында өзін жұмсаушыларға қызмет етеді. Фольклорлық туындыларда кездесетін Жалмауыз кемпірден Мыстан кемпірге дейін құлдырау стадиясы осындай сипатта.

Бөрітастаған топонимі тек аңыз яки әпсана түрінде қалып қоймай, қазіргі әдебиетімізден де орын алды. Ақын Әділғазы Қайырбеков бұл мекеннің атауын «Бөрітастаған» деп жырлаған:

Бөріктей болып бір алып,
Бөгелтіп назар бұрасың.
Бұлғақты жырға сұранып,
Бұлдырап ығи тұрасың.

...Жалғыздық саған жарасқан,
Жазыққа қойған нүктедей.
Жаныңда тау жоқ таласқан,
Жөңкілді бұлттар түк демей.

Мұраты жолдың өтелсін,
Мазасыз тірлік жаңғырып.
Мұң артқан маңғаз екенсің,
Мұнартып тұрған мәңгілік!.. [15, 251 б.].

Ақын өлеңінде жартастың жазықта оқшау тұрған бітімі, қайдан, қалай пайда болғанының белгісіздігі лирикалық сазбен астаса беріледі. Әпсаналарға арқау болған оқиғалар сілемі бұл өлеңде көрінбегенімен, тағы бір

өлеңде – белгілі ақын Несіпбек Айтұлының «Бөрітастаған» өлеңінде тілге тиек, бейнелеулерге арқау болады:

Бөрітастаған, Бөрітастаған
Жұмбағыңды айтшы, кәрі тас маған?
Таңырқасын деп жердегі пенде,
Аспаннан, бәлкім, пері тастаған.
«Көктен тасталған» мотивін жаңғыртатын бұл шумақта ақынның лирикалық кейіпкері білуге аңсары ауған сыр сұралады. Осы риторикалық сұрау келесі шумақтарға жалғасқан:
Жатырсың күтіп тағдырдан нені,
Айналып тасқа қаңғырған бөрі.
Емес пе екенсің ертеде келіп,
Құдайдың ұмыт қалдырған мөрі?

Толқытып тұрсың санама сыймай,
Әлемнің жеті ғаламатындай.
Кім екен тастап жапанға жалғыз,
Сыйлаған тағдыр саған осындай?

Көне күннен жеткен жұмбағы мол оқшау жартастың тылсымын танымаққа ұмтылған ақын енді өз тағдырын осы жартасқа ұқсатып, поэтикалық ой түйеді:

Бүп-бүтін іргем сөгіліп көптен,
Көз жасым қанша егіліп төккен.
Сен де бір мұңлық, мен де бір мұңлық,
Тауынан туған бөлініп кеткен... [16, 335 б.]

Орыс әдебиеттануында топонимика тек фольклормен ғана емес, әдебиетпен байланыстырылып, «поэтикалық ономастика» термині туындағаны белгілі. Поэтикалық ономастика саласын зерттеуші С. Зинкин аталған терминнің қалыптасуына дейін бұл сала түрлі атаулар иеленіп келгенін айтады [17, 42 б.]. Тағы басқа орыс зерттеушілері К.Б. Зайцева «стилистикалық ономастика» [18, 30 б.], И.В. Немировская «Әдеби ономастика» [19, 113 б.] терминдерін ұсынады. Топонимиканы әдебиетпен байланыстыратын көркем кеңістік, яғни поэтикалық бейнелеу. Топонимдердің тілдік ұғым мен фольклор мотивтерінен көркем әдебиетке ауысуы ономастика аспектісінің кеңеюіне жол ашады.

Көркем туындының ономастикалық кеңістігі ұлттық ономастикалық кеңістікке қатысты алғанда қайталама сипатқа ие болады. Әдеби мәтіндердегі көркем антропонимдердің, топонимдердің, зоонимдердің әрқай-

сысы дербес зерттеу нысаны бола отырып, көркем туындының жалпы ономастикалық кеңістігін қалыптастырады. Көркем туындының ономастикалық кеңістігі, бір жағынан, жалпы бейнелілік жүйесінің құрамдас бөлігі ретінде көрінсе, екінші жағынан алғанда, авторлық шығармашылықтың өзіндік даралығын айқындайды. Осы анықтама тұрғысынан келгенде біз мысалға алған екі ақынның бір тақырыптағы өлеңдері топонимдік фольклордың поэтикалық туынды өзегіне алынуының мәнін және тың сипатты бейнелеулерге негіз болғанын көрсетеді. Сондай-ақ, ұлттық топонимнің көркем реминисценциясы болып табылады.

Қорытынды. Бөрітастаған туралы топонимдік әпсананың кемпір лақтырған ұршықтан пайда болған делінетін нұсқасынан гөрі аспаннан Тәңірі тастаған тас түрінде айтылатын нұсқасы көне болып саналады. Бұл нұсқадағы «көктен жіберілген сый» мотиві

жартас аспаннан түскен метеорит деген ғылыми тұжырымға сабақтасады.

«Бөрітастаған» атауының шығуы туралы тілші Б. Ихсан былай дейді: «...біздің топшылауымызша, «Бөрітастаған» атауы орналасу ерекшелігіне орай, әуелде «Бөрі тасталған жартас» аталып, кейін айтыла келе, сөз тіркесі құрамындағы сөздер бірігіп, сосын кірігіп ықшамдалуының негізінде «бөрі тасталған», сосын жанынан қарағанда төңкерілген тастағанға ұқсайтын тұлғасына байланысты мағыналық өзгеріске ұшырап, «Бөрітастаған» аталып кеткен тәрізді» [16, 64 б.].

Бұл болжаммен толық келісе қоюға болмайды. Тіл заңдылығы тұрғысынан алғанда қисыны бар десек те, танымдық, фольклорлық тұрғыда көне дәуірлерден тамыр тартатын бұл топонимнің этномәдени негізі тым тереңде жатыр. Бөрі тотемімен тығыз байланысты «Бөрітастаған» әпсанасы топонимикалық фольклордың бірегей үлгісі демекпіз.

Әдебиеттер

1. Античные теории языка и стиля. - Москва: Соцэкгиз, 1936. – 344 с.
2. Сүлейменова Э., Мәдиева Г., Шәймерденова Н. т.б. Тіл білімі сөздігі. Алматы: Ғылым, 1998. - 544 б.
3. Бияров Б. Қазақ топонимдерінің типтік үлгілері. - Астана: Ш. Шаяхметов атындағы Тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығы, 2013. - 432 б.
4. Қасқабасов С. Таңдамалы. Т. 1. Қазақтың халық прозасы. - Астана: Фолиант, 2014. - 320 б.
5. Пангереев А. Топонимдік фольклордың жанрлық түрлері. - Ақтөбе: NOBEL, 2014. - 465 б.
6. Бөрітастаған жартасы туралы. «Жас алаш» газеті, 01.02.2000 ж. - №14.
7. Гумилев Л. Көне түріктер. - Алматы: Білім, 1994. - 478 б.
8. Уәлиханов Ш. Көп томдық шығармалар жинағы. Т. 4. - Алматы: Толағай групп, 2010. - 496 б.
9. Марғұлан Ә. Ежелгі жыр-аңыздар. - Алматы: Жазушы, 1985. - 368 б.
10. Садовская И.Г. Мифология. - Москва: ИКЦ «МарТ», 2006. - 352 с.
11. Кляшторный С.Г. История Центральной Азии и памятник рунического письма. Санкт-Петербург: Филол. ф-т СПбГУ, 2003. - 560 с.
12. Шерваמידзе И. Еще раз об этимологии имени Asina-Aatille-Abumoxo // «Советская тюркология», 1989. - №3.
13. Қоңдыбай С. Қазақ мифологиясына кіріспе. - Алматы: Зерде, 1999. - 304 б.
14. Дала уалаятының газеті. - Алматы: Ғылым, 1989. - 656 б.
15. Тарихқа толы Тарбағатай IV: / Құраст: Е.Қ. Оралбай. - Алматы: Мерей, 2019. - 274 б.
16. Тарихқа толы Тарбағатай. Құраст: Е.Қ. Оралбай. - Алматы: Мерей, 2016. - 352 б.
17. Зинкин С.И. Введение в поэтическому ономастику. - Москва, 1965. - 345 с.
18. Зайцева К.Б. Английская стилистическая ономастика. Тексты лекций. – Одесса: Одесский государственный университет, 1973. – 67 с.
19. Немировская И.В. Некоторые проблемы литературной ономастики // Актуальные вопросы русской ономастики. - Киев: УМКВО, 1988. – 258 с.

References

1. Antichnye teorii iazyka i stilya [Ancient theories of language and style] (Moscow, Sosekgiz, 1936, 344 p.). [in Russian]
2. Suleimenova E., Madiyeva G., Shaimerdenova N. t.b. Til bilimi sozdigi [Dictionary of linguistics] (Almaty, Gylym, 1998, 544 p.). [in Kazakh]
3. Biyarov B. Kazak toponimderinin tiptik ulgileri. (Astana, Sh. Shaiahetov atyndagy Tilderdi damytudyn respublikalyk uilestiru-adistemelik ortalygy, 2013, 432 p.). [in Kazakh]
4. Kaskabasov S. Tandamaly. T.1. Kazaktyn halyk prozasy. (Astana, Foliant, 2014, 320 p.). [in Kazakh]
5. Pangereev A. Toponimdik folklordyn janrlyk turleri [Genre types of toponymic folklore] (Aktobe, NOBEL, 2014, 465 p.). [in Kazakh]
6. Boritastagan jartasy turaly [About the rock of Boritastagan] «Zhas alash» gazeti [Newspaper] 01.02.2000. -№14. [in Kazakh]
7. Gumilyov L. Kone turikter [Ancient Turks] (Almaty, Bilim, 1994, 478 p.). [in Kazakh]
8. Ualihanov Sh. Kop tomdyk shygarmalar jinagy [Collection of multi-volume works] (Almaty, Tolagai grupp, 2010, Vol. 4, 496 p.). [in Kazakh]
9. Margulan A. Ejelgi jyr-anyzdar [Ancient legends] (Almaty, Zhazushy, 1985. 368 p.). [in Kazakh]
10. Sadovskaiya I.G. Mifologia [Mythology] (Moscow, IKS «MarT», 2006, 352 p.). [in Russian]
11. Klashtorni S.G. Istoriya Tsentralnoi Azii i pamitnik runicheskogo pisma [History of Central Asia and monument of runic writing] (Saint Petersburg, SPbGU, 2003, 560 p.). [in Russian]
12. Shervamidze I. Eshe raz ob etimologii imeni Asina-Aatile-Abumoxo [Once again about the etymology of the name] // «Sovetskaiya turkologiya», -1989. -№3.
13. Kondybai S. Kazak mifologiasyna kirispe [Introduction to Kazakh mythology] (Almaty, Zerde, 1999, 304 p.). [in Kazakh]
14. Dala ualaiyatynyn gazeti [Dala ualay newspaper] (Almaty, Gylym, 1989, 656 p.). [in Kazakh]
15. Tarihka toly Tarbagatai [Tarbagatai full of history] / Kurast. [Comp.] E.K. Oralbai. (Almaty, Merei, 2019, 274 p.). [in Kazakh]
16. Tarihqa toly Tarbagatai [Tarbagatai full of history] Kurast. [Comp.] E.K. Oralbai. (Almaty, Merei, 2016, 352 p.). [in Kazakh]
17. Zinkin S.I. Vvedenie v poeticheskomu onomastiku [Introduction to poetic onomastics] (Moscow, Odesskii gosudarstvenni universitet, 1965, 345 p.). [in Russian]
18. Zaitseva K.B. Angliiskaiya stilisticheskaiya onomastika. Tektsty lektsii [English stylistic onomastics. Texts of lectures] (Odessa, Odesskii gosudarstvenni universitet, 1973, 67 p.). [in Russian]
19. Nemirovskaiya I.V. Nekotorye problemy literaturnoi onomastiki // Aktualnye voprosy russkoi onomastiki [Some problems of literary onomastics // Current issues of Russian onomastics] (Kiev, UMKVO, 1988, 258 p.). [in Russian]

М.Е. Мамышева

Казахский гуманитарно-юридический инновационный университет, Семей, Казахстан

Этнокультурная основа топонима «Бөрітастаған»

Аннотация. Автор статьи рассматривает названия местности в аспекте лингвистики и фольклористики, опираясь на исследования по топонимике как одной из отраслей ономастики. Систематизированы основные научные положения данного направления с учетом того, что топоним используется не только в лингвистике, но и в фольклористике и литературоведении. На основе примеров анализируется отражение в составе фольклорных произведений топонимов, раскрывающих сущность определенных объектов, разъясняющих их смысл. В статье говорится, что схожесть между топонимическими преданиями и историко-географическими легендами обуславливается тем, что для них характерны мотивы, связанные с названиями местностей. Основной анализ охватывает топоним «Бөрітастаған» и нацелен на описание его национально-культурной основы, языковых и когнитивных характеристик. Сравнивая

мотивы легенд и преданий, автор изучает миропонимание эпохи древних гуннов, опираясь на выводы и мнения известных ученых. В процессе анализа всесторонне охватываются и представления, связанные в национально-культурном сознании с понятиями «бөрі» («волк»), «көк» («небо»). Подчеркивая значение тотема волка в мировоззрении древних тюрков, автор приходит к выводу о том, что легенда «Бөрітастаған» является уникальным образцом топонимического фольклора.

Ключевые слова: топонимика, лингвистика, фольклористика, легенда, предание, волк, тотем, культурное понимание.

M.E. Mamysheva

Kazakh Humanitarian-Juridical Innovative University, Semey, Kazakhstan

Ethnocultural Basis of «Boritastagan» Toponym

Abstract. The article examines the names of an area in the aspect of linguistics and folkloristics, relying on research on toponymy as one of the branches of onomastics. The main scientific provisions of this direction are systematized, taking into account the fact that the toponym is used not only in linguistics, but also in folklore and literary criticism. Based on examples, the author analyzes the reflection in the composition of folklore works of toponyms that reveal the essence of certain objects and explain their meaning. The article says that the similarity between toponymic traditions and historical-geographical legends is due to the fact that they are characterized by motives associated with the names of localities. The main analysis covers the toponym “Boritastagan” and is aimed at describing its national and cultural basis, linguistic and cognitive characteristics. Comparing the motives of legends and traditions, the author studies the worldview of the era of the ancient Huns, relying on the conclusions and opinions of famous scientists. In the process of analysis, the representations connected in the national-cultural consciousness with the concepts of “bori” (“wolf”), “kok” (“sky”) are comprehensively covered here. Emphasizing the significance of the wolf totem in the worldview of the ancient Turks, the author concludes that the legend “Boritastagan” is a unique example of toponymic folklore.

Keywords: toponymy, linguistics, folklore, legend, tradition, wolf, totem, cultural understanding.

Автор жайлы мәлімет:

Мамышева Мәлдір – Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университетінің 3 курс докторанты, Семей, Қазақстан.

Mamysheva Moldir – The 3rd course Doctoral student of the Kazakh Humanitarian-Juridical Innovative University, Semey, Kazakhstan.